

80



*М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан  
Мемлекеттік университеті  
ұжымына*

### *Құрметті Әріптестер!*

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті оқытушы-профессорлар ұжымы және студенттері, Сіздерді жеке өзімнің, сонымен бірге Халықаралық бизнес университеті ұжымының атынан өздеріңіз еңбек етіп отырған университеттеріңіздің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!*

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті - Қазақстан Республикасының алғашқы жоғары оқу орындарының бірі. Бүгін 80 жылдық мерейтойын атап отырған бұл университет, өз тарихын 1937 жылдан бастаған К. Д. Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институты негізінде құрылғанын білеміз. 2003 жылы университетке академик Манаи Қозыбаевтың аты берілді.*

*Қазіргі кезде Университеттің еліміздегі білім және ағарту саласы кешендерімен бірлесіп жұмыс атқару тәжірибесі белең алғанын көріп отырмыз. Міне осындай жолмен бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мен ғылыми ізденістер үшін жақсы негіз қалыптасқанына куә болып отырмыз.*

*Сексен жылдан бері М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті еліміздің түкпір-түкпірінен келген жастардан білім және ағарту саласы үшін білікті мамандар, педагогикалық жоғары оқу орындары үшін ғалым-педагог кадрлар даярлап келеді. Университет мәртебесі еліміздің түкпір-түкпірінде бастауыш және орта мектеп саласында еңбек етіп жүрген білікті мамандарымен расталып отыр.*

*Білім және ғылым саласында Сіздің ұжым өкілдері еңбегінің лайықты бағасы ретінде халықаралық және отандық құрметті атақтарды, ордендерді, медальдарды, мемлекеттік сыйлықтарды иелену арқылы белгілі болуда.*

*Қазіргі таңда университет әлемдік ғылыми кеңістікке алдыңғы қатарлы үздік шет елдік университеттермен бірлесе отырып, жаһандық мәселелерге қатысты халықаралық ықпалдастықты табысты дамытып отырғанына бізде қуанамыз.*

*Болашағы жарқын университетіңіздің, нағыз мықты, жоғары санаттағы кадрлар дайындайтын оқу ордасы боларына сенімім мол. Университет егеменді еліміздің экономикалық нығаяуына өз үлесін қосады деген ойдамын. Бұл жолда сіздерге табыс тілеймін!*

*Ізгі тілектермен,  
Халықаралық бизнес университетінің Президенті  
Д.Ж.Ахмед-Заки және университет ұжымы*

